

Бейсенов Б.Қ.¹, Игисенова А.Р.²

¹филос.ғ.д., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: otrar68@mail.ru

²философия магистрі, аға оқытушы, Алматы технологиялық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**ЖАҢАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ТМД ЕЛДЕРІНДЕГІ
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ДІН ҚАТЫНАСЫ**

Авторлар ТМД елдеріндегі мемлекет пен дін арасындағы қатынастардың ортақ және нақты ерекшеліктерін қарастырады. Ол бұрынғы Кеңес Одағының еуропалық бөлігінде, сондай-ақ Кавказда діннің қоғам мен мемлекет мүддесіне қолданылатынын сипаттайды. ТМД елдеріндегі діни жағдай туралы өз пікірін ұсынады.

Қазіргі әлемде мемлекеттің діни жағдайы мен конфессияралық қатынасына ықпал ету белді саяси ойыншылардың негізгі құралына айналды. Бұрынғы кеңестер одағы аясындағы елдердің қоғамдық-саяси өміріндегі діннің орны мен рөлін зерделеу бүгінгі дінтанулық зерттеулер үшін маңызды болып табылады. Жаһандану заманында діннің саясатқа ықпал етуі, яғни діннің саясиленуі нақты мемлекеттің дін саласындағы саясатымен байланысты көрінеді. Қазіргі таңда ұлттық сананың өсуі діни сана мен діни мінез-құлыққа да ықпал етуде. Зайырлы мемлекеттік қағиданы ұстанатын елдерде дін мемлекет халқын ұйыстырушы тұғыр ретінде қаралуда. Қоғамдық өмір мен қоғамдық психологияға діннің ықпал етуі, тұрақты діндарлықтың қалыптасуы және діндарлық құрамы мен құрылымының өзгеруі, жаңа діни ілімдердің таралуы, мемлекеттің дін саласын реттеу тетіктерін жетілдіруі және қадағалауды күшейтуі достастық елдеріндегі діни ахуалдың басты ерекшелігі. ТМД елдерінде дін мемлекеттік және ұлттық бірегейліктің, қауіпсіздік пен ұлттың рухани бірігуінің негізгі тұғырының бірі ретінде қарастырылуында. Сонымен қатар, дін мемлекеттіліктің, қауіпсіздіктің және рухани дербестіктің, дипломатияның маңызды мәніне айналды. ТМД елдеріндегі дін саласындағы үдерістерді зерттеу мен талдау осы аймақтағы діни суреттеменің нақты жағдайын пайымдауға жол ашады.

Түйін сөздер: зайырлы, мемлекет, дін, діни жаңғыру, пост кеңестік елдер, Украина православ шіркеулері, Кавказ, діни қауымдар, ТМД діни жағдай, саясат, көпконфессионалдық, мультикультурализм, жаһандану.

Beisenov B.K.¹, Igisenova A.R.²

¹doctor of philosophical sciences, al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: otrar68@mail.ru

²Master of Philosophy, Senior Lecturer, Almaty Technological University, Kazakhstan, Almaty

Relationship between state and religion in CIS in the context of globalization

The authors look at the common and specific features of the relations between the state and religion in the CIS countries. He offers his opinion on the religious situation in CIS and the other post-Soviet countries in the European part of the CIS, as well as in the Caucasus describes how religion is used for statal purposes.

This publication shows how the traditional religious values in CIS have played an important role in helping the re-emergence of their national identities, while in CIS the religious institutions have been adapting to that change in national identity. In the case of Ukraine the different branches of the church have been developing in different ways, responding to competing ideas of what it means to be Ukrainian. In all four states the churches are looking to entrench their role in society and are testing the limits of their influence given that they are the most trusted institutions in each country. The Russian Church and state have also been trying to promote this traditional values agenda as part of their ethos of 'the

Russian World' with which they have been looking to influence the churches and societies of their 'near abroad'. The publication has found that: In Ukraine the impact of the conflict has dramatically changed the balance of power between the two largest churches, the Ukrainian Orthodox Church-Moscow Patriarchate (UOC-MP) and the Ukrainian Orthodox Church-Kiev Patriarchate (UOC-KP). In CIS traditional religions is an independently powerful political actor that has played an important role in the social-political landscape with national culture central to the rebuilding of national identity in the post-Soviet period. church.

Key words: Secular, state, religion, religious renaissance, post-Soviet states, CIS countries, Local church in Ukraine, Caucasus, religious communities, religious situation, multiconfessionalism, multiculturalism, globalization.

Бейсенов Б.К.¹, Игисенова А.Р.²

¹доктор философских наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: otrar68@mail.ru

²магистр философии, старший преподаватель, Алматинский технологический университет, Казахстан, г. Алматы

Государство и религия в СНГ контексте глобализации

Авторы рассматривают общие и специфические особенности отношений между государством и религией в странах СНГ. Они выдвигают свое мнение о религиозной ситуации в СНГ и в европейской части СНГ, а также на Кавказе, описывают, как религия используется в интересах общества и государства.

Эта публикация показывает, как традиционные религии сыграли важную роль в возрождении своей национальной идентичности, религиозные учреждения адаптируются к новым веяниям. В случае с Украиной разные ветви церкви развиваются по-разному, отвечая на конкурирующие идеи о том, что значит быть украинцем. Традиционные религии стремятся закрепить свою роль в обществе и тестируют пределы своих влияний, учитывая, что они самые надежные институты в каждой стране. В разной степени традиционные религии использовали повестку дня традиционных религиозных ценностей, ориентированную, в первую очередь, на сохранение национальной и религиозной идентичности.

Ключевые слова: светскость, государство, религия, возрождение, постсоветские страны, православные церкви Украины, Кавказ, религиозные общины, религиозная ситуация в СНГ, политика, многоконфессиональность, мультикультурализм, глобализация.

Кіріспе

Жаһандану үдерісі адамзат қоғамының барлық салаларын қамти отырып әмбебап жаңа тұрпаттағы өмір салттық және дүниетанымдық ұстаным қалыптастыру үшін түрлі жобалар тудыруда. Қазіргі әлемде мемлекеттің діни жағдайы мен конфессияаралық қатынасына ықпал ету белді саяси ойыншылардың негізгі құралына айналды. Бұрынғы кеңестер одағы аясындағы елдердің қоғамдық-саяси өміріндегі діннің орны мен рөлін зерделеу бүгінгі дінтанулық зерттеулер үшін маңызды болып табылады. Жаһандану заманында діннің саясатқа ықпал етуі, яғни діннің саясилануы нақты мемлекеттің дін саласындағы саясатымен байланысты көрінеді. Қазіргі таңда ұлттық сананың өсуі діни сана мен діни мінез-құлыққа да ықпал етуде. Зайырлы мемлекеттік қағиданы ұстанатын елдерде дін мемлекет халқын ұйыстырушы тұғыр ретінде қаралуда. Қоғамдық өмір мен қоғамдық психологияға діннің ықпал етуі, тұрақты діндарлықтың қалыптасуы және

діндарлық құрамы мен құрылымының өзгеруі, жаңа діни ілімдердің таралуы, мемлекеттің дін саласын реттеу тетіктерін жетілдіруі және қадағалауды күшейтуі достастық елдеріндегі діни ахуалдың басты ерекшелігі. ТМД елдерінде дін мемлекеттік және ұлттық бірегейліктің, қауіпсіздік пен ұлттың рухани бірігуінің негізгі тұғырының бірі ретінде қарастырылуында. Сонымен қатар, дін мемлекеттіліктің, қауіпсіздіктің және рухани дербестіктің маңызды мәніне айналды. ТМД елдеріндегі дін саласындағы үдерістерді зерттеу мен талдау осы аймақтағы діни суреттеменің нақты жағдайын пайымдауға жол ашады. Мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Әлемдегі оқиғаларды ой елегінен өткізіп, қорытынды жасау – қоғамның да, саяси партиялар мен қозғалыстардың да, білім беру жүйесінің де ауқымды дүниетанымдық, рухани жұмысының бір бөлігі» [1] – деп төрткүл дүниеде болып жатқан маңызды оқиғаларды талдай отырып, заманауи өмір сұранысына сай білім алу мен білікке ие болу қажеттігіне

назар аударды. Еліміздің рухани жаңғыруы халқымыздың рухани бірлігі мен ұлттық тектік әлеуетімен айқындалады. Рухани жаңғыру қоғамдық сананың барлық саласын, яғни дін мен діни мінез-құлықты қамтиды. Зайырлы елдегі мемлекет және дін қатынасының бүгінгі және болашағы рухани тұғыры берік елдік сана қалыптастыруда.

Әдістер. Мақала тақырыбының өзектілігін ашуға орай зерттеуде салыстырмалы, тарихилық, типологиялық әдістерін, бірқатар авторлардың еңбектерін қолдандық. Сонымен қатар, салыстырмалы, жүйелік қағидаларына сай мемлекет және дін қатынасының ерекшеліктері мен ұқсастық қырларын талдау және топтау әдістері де қолданылады.

Зерттеу нәтижелері. XX соңы – XXI ғасырдың басында бұрынғы КСРО елдерінде әлеуметтік-экономикалық, саяси-қоғамдық, рухани-мәдени салаларда күрделі өзгеріс орын алды. Жаңа қалыптасқан мемлекеттердің дін саласындағы саясаты мен бағыт-бағдары өркеніеттік тұрғыда өзгерді. Алғашқы кезеңдегі дін саласындағы мемлекеттік саясаттағы кейбір белгісіздіктер және айқынсыздық қоғам өмірінде дәстүрлі діни сана мен зайырлы ұстанымға қатер төндіретін діни мінез-құлық пен діндарлықтың жат пішінін көрінуіне себеп болды. Түрлі діни жобалар әлемдік және аймақтық алпауыт елдердің бәсекелестігі мен геосаяси, геоэкономикалық мүдделер қақтығысынан туындады. Дін қоғамдық сана мен психологияға ықпал ету арқылы мемлекеттердің ішкі ісіне араласудың құралы, яғни жұмсақ күш. Сондықтан мемлекет дін саласын реттеу мен қадағалауға ерекше назар аударуына тура келді. Посткеңестік елдерге тән ортақ ұстаным зайырлы мемлекеттік ұстаным және дәстүрлі діни бірегейлікті қолдау.

Негізгі бөлім

Көрші елдердегі діни жағдай мен ондағы үдерістерді талдау арқылы болашақ дінтанушылардың кәсіби біліктілігі мен құзырлы бейінді даярлығын арттырамыз. ТМД елдеріндегі мемлекет пен дін қатынасының қырсыры, ерекшеліктері мен ортақ тұсы, аймақтағы діни ахуалға ықпал етуі мүмкін түрткілер және алғышарттарды, діни сана мен мінез-құлықтың ерекшелігі мен ортақ тұсын, діндарлық құрылымы мен денгейін, діни мәдениетін талдау арнайы курсты даярлау мен оқытуда қолданылуы қажет. «ТМД-ның барлық елдеріндегі жағдайды діни жаңғыру ретінде сипаттауға болады.

Бүгінде дін жергілікті тұрғындардың басым көпшілігінің өмірінің маңызды бөлігіне айналды және сол себепті дінді әлеуметтік фактор ретінде қарастыруға болады» [2].

Украинадағы мемлекет пен дін қатынасы. 1990 жылдары бұрынғы кеңестер одағындағы саяси өмірдің либерализациялануы, қайта құру және жариялық саясаты нәтижесінде Украинаның батыс аймағында ұлттық сананың өсуі діни санаға да ықпал етті. Украинаның батыс және шығыс өңірінде қалыптасқан ұлттық құрам елдегі діни-саяси ахуал мен ұлттық бірегейлікке әсерін тигізуде.

Украинадағы канондық тұрғыда мойындалмаған Киев патриархатының Украина православ шіркеу тарихы 1992 жылдан басталады. Бұл діни құрылым 1992 жылы Мәскеу патриархатының УПШ басшысы митрополит Филареттің бөлінушілік қызметінің нәтижесінде пайда болды. 1990 жылы Мәскеу патриархы Пимен қайтыс болған соң өткізілген патриархтық таққа сайлауға қатысқан митрополит Филарет жеңіліс тапты. Мәскеу патриархы болып II Алексий таққа отырды. Патриархаттық діни лауазымды көздеген Киев митрополитінің дербес таққа деген құлшынысы және биліктің тәуелсіз елге дербес шіркеу ұстанымы жеке патриархаттың құрылуына түрткі болды. Тәуелсіздікке ұмтылған украиндықтардың ұмтылысы діни сананы да қамтыды. 1990 жылы қарашада УПШ Синоды шешімімен I Поместьелік Собор өтті. Соборда УПШ жаңа жарғысы қабылданды. Бұған дейін УПШ басшысына Киев және бүкіл Украин митрополиті мәртебесі берілген болатын. 1991 жылы қараша айында өткен УПШ Соборында бұл шіркеудің автокефальдылығы туралы шешім бір ауыздан қабылданды.

1992 жылы сәуірде өткен Архиерей Соборына УПШ тарапынан 20 архиерей қатысқан. 1995 жылы қазанда Филарет Киев патриархатына қарасты Украин ПШ патриархы болып сайланды. 1992 жылы маусымда өткен Мәскеу патриархаты ОПШ Архиерей Соборында митрополит Филаретті шіркеулік және діни лауазымдарынан айыру туралы қаулы қабылданды.

1997 жылы ОПШ Мәскеу патриархаты митрополит Филаретке анафема (қарғыс) жариялады. 1992 жылы маусымда Киев патриархаты православ шіркеуінің құрылтай Соборы өтті. КП УПШ өз тарихын Константинополь ПШ юрисдикциясында болған Киев метрополиясынан бастайды. Киев патриархатының Украина православ шіркеуінің 1687 жылы Мәскеу патриархатының юрисдикциясына

кіру заңдылығын мойындамайды. 2008 жылы Киев Русінің шоқинуының 1020 жылдығына арналған мерекелік салтанатында Ғаламдық Константинополь патриархы I Варфоломей Киев митрополиясының Мәскеу патриархатына 1687 жылы берілуін Мәскеу патшалығының Украинаны аннексиялауынан туындағанын атап көрсетті.

Киев патриархаты канондық емес Македония ПШ және Черногория ПШ евхаристиялық қатынас орнатқан. 1990 жылы қаңтарда ОПШ Архиерей Соборы Украин және Белорусс экзархаттарына кең автономия беруге шешім қабылдады. Украина ПШ және Белорусс ПШ атауына ие болуға және Синод құруға, өз аумақтарындағы епархияларының сот ісі, заң шығару, атқару биліктеріне өкілдіктер берілді. 2017 жылы 30 қараша – 2 желтоқсанда өткен архиерей соборында МП УПШ басшысы митрополит Онуфрий өтініші бойынша МП украин православ шіркеуінің дербес мәртебесі ресми мойындалып, УПШ басқару орталығы – Киев қаласында болатындығы бекітілді, ал мәскеу патриархатының жарғысында МП УПШ жеке бөлім берілді. 2017 жылы 30 қарашада мойындалмаған киев патриархатының басшысы Филарет (Денисенко) архиерей соборына жазған хатында екі шіркеу арасында евхаристиялық және құлшылық қатынасты қалпына келтіруге және татуласу мен сұқбатқа шақырды. Осы хатқа орай, архиерей соборы арнайы комиссия құрды. Алайда, 2017 жылы 1 желтоқсанда өткен баспасөз конференциясында киев патриархы Филарет КП УПШ автокефалдығын сақтайтындығын және мәскеу патриархатына қайта оралмайтындығын жариялады.

Қазіргі таңда Украинада Мәскеу патриархатының УПШ және Киев патриархатындағы УПШ және Украин автокефальды православ шіркеуі әрекет етуде. Әлемнің помещьелік православиялық шіркеулері тек МП УПШ канондық тұрғыда мойындаған. Қазіргі таңда МП УПШ және КП УПШ арасында мүліктік даулар туындауда. МП УПШ ғаламдық православиялық патриархат мойындаған Украинаның канондық шіркеуі болып табылады. Деректер бойынша, МП УПШ қарасты 45 епархия, 12 мыңнан аса приход, 20 оқу орны, 3 лавр және 4,5 мың монахтар қызмет жасайтын 183 монастырлар бар. Украин православтарының 39 пайызы МП УПШ діндарлары болып табылады. МП УПШ жаңа икондар мен фрескаларды, дұғаларды жаңаша түсіндіруді қабыл алмайды. Құлшылықта шіркеу славян тілі қолданылады.

КП УПШ канондық мәртебе берілмеген. КП УПШ жаңа икондар мен фрескалар қабылданған. Құлшылықта украин тілі қолданылады. Қазіргі жаңа заң МП УПШ дінбасыларын тағайындауға мемлекеттік органның келісімін алуға міндеттейді. МП УПШ шіркеулері қайта тіркеуден өтуі және тәуелсіз сарапшылардың қорытындысын алуы және Украинаға келуші шет елдің дін уағызшылары арнайы рұқсат алуы тиіс. Қазіргі кезде Украина православ шіркеулері түрлі ішкі және сыртқы саяси күштер тікетіресінің қолжаулығына айнала бастады. «Ресей Украинаның біріккен православиелік шіркеуінен қорқады, бұл біздің НАТО-ға мүше болуымыздан да қорқынышты» [3]. Украинаның шығысындағы қалыптасқан жағдай елдегі діни ахуалға ықпал етуде.

Бүгінде МП УПШ қарасты ғибадатханаларға баратын мемлекеттік қызметкерлер мен саясаткерлерге теріс көзқарастар қалыптасуда. Ұлттық және діни бірегейлік КП УПШ қатысты қарастырылады. Елдегі қалыптасқан қоғамдық-саяси ахуалға МП УПШ, КП УПШ және автокефалды православ шіркеуінің діни қауымдарының да ықпал әсері бар. Украинада дін ұлтты біріктіруші және қоғамды ұйыстырушы фактор ретінде қызмет атқармауда. 2016 жылы ақпанда Гавана қаласының әуежай ғимаратында Мәскеу және Бүкіл Ресей патриархы Кирилл және Рим папасы Франциск арасында мың жылдан кейінгі тарихи кездесу өтті. Батыс және Шығыс христиандық тарихындағы даулы мәселелер мен қақтығыстың салқыны бұл кездесуге ауыртпалық түсірмеуі үшін кәрі құрлықта емес латын америкасында жүздесті. Тарихи кездесуде Украинадағы грек католиктік шіркеуі (униатизм), Украин православ шіркеуі, Украинадағы саяси-діни жағдай қозғалды.

Украинада украин-грек католик шіркеуі шығыс ғұрпындағы помещьелік КШ болып табылады. Шіркеу басшысының жоғарғы архиерископтық мәртебесі бар. 2005 жылы тамызда УГКШ резиденциясы Львов қаласынан Киев қаласына көшірілді. УГКШ құрылымдық тұрғыдан 4 митрополияға біріккен. Басқару органы – Синод. 16 діни оқу орны және 20 аса баспасөз құралдары бар. УГКШ елдің батыс аймақтарында орналасқан.

Украинадағы латын ғұрпындағы католиктер 6 диоцезге біріккен. 1994 жылы латын ғұрпындағы католиктік епископтарды біріктірген конференция құрылды.

Беларус Республикасы зайырлы мемлекет. Беларус халқының 82 % астамы право-

славтар болып табылады. Белорусияда 1989 жылы Мәскеу патриархатының БПШ экзархаты құрылды. Бұл шіркеудің 10 епархиясы және 5 діни оқу орны бар. Белоруссиядағы грек католик шіркеуінің тарихы 1596 жылғы Брест униясынан бастау алады. Белоруссиядағы грек католиктер өз ғұрыптарын сақтаған, әкімшілік тұрғыдан Рим Папасына бағынышты. 1992 жылы Беларусьта мемлекет және дін қатынасын реттейтін Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер алғашқы заң қабылданды. Қоғамдағы діннің саяси-құқықтық мәртебесінің өзгеруіне және қоғамның діни өмірін реттеу мақсатында 2002 жылы Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер заң қабылданды. 2003 жылы Беларусь Республикасы және Беларус православ шіркеуі арасында ынтымақтастық келісіміне қол қойылды. 2004 жылы Беларус православ шіркеуі және Беларус Ұлттық ғылым академиясының өзара ынтымақтастық бағдарламасы жасалды. Бағдарламаның мақсаты – діни жағдайды талдау және діни-философиялық, рухани-адамгершілік, тарихи-мәдени тақырыптар бойынша іргелі және қолданбалы біріккен ғылыми зерттеулер жүргізу. 1994 жылы бүкіл белорус мұсылмандарының конгресінің құрылтайы өтті. Ел аумағында 30-дан аса мұсылман діни бірлестіктері бар. 2016 жылы Минск қаласында Түркия діни басқармасының қолдауымен мешіт салынды.

Оңтүстік Кавказда мемлекет – дін қатынастары нақты елдегі қалыптасқан тарихи-мәдени жағдаймен ерекшеленеді.

Грузия зайырлы мемлекет. 2009 жылы Грузия ТМД қатарынан ресми түрде шықты. Грузия халқының басым бөлігі православтық сенімді ұстанады. Ежелгі Грузия христиандық 327 жылы қабылдаған. Грузия православ шіркеуі 457 жылы Антиохия шіркеуінен автокефалия алды. 1811 жылы патшалық Ресейдің отарлық саясатының салдарынан ГПШ автокефалдық мәртебесінен айырылды. 1917 наурызда Ресейдегі төңкеріс нәтижесінде ГПШ дербестікті қайтарып алды. И. Сталин билігі кезінде ГПШ автокефалиясын МП ОПШ 1943 жылы ресми мойындады. 1990 жылы ғаламдық патриархия ГПШ автокефалиясын ресми мойындады. Ел халқының 10%-ға жуығы мұсылмандар. Грузияның шииттік сенімдегі мұсылмандары (әзірбайжандар) Кавказ мұсылмандар басқармасының қарауында. Бұл тарапқа иран ықпалы басым. Аджарлық мұсылмандар-сүнниттік сенімде. Бұл аймақта түрік діни орындары мен дін ұстаздарының ықпалы басым. 2011 жылы грузия билігі ел

мұсылмандарын түрік және иран ықпалынан алып шығу мақсатында Грузия мұсылмандар басқармасын құрды. Бұл шешімге Кавказ мұсылмандар басқармасы қарсылық танытты. Ел мұсылмандар аджарлар және абхаздардың біраз бөлігі сүнниттік сенімді ұстанады. 2001 жылы грузия үкіметі және ГПШ арасында жасалған келісім бойынша шіркеу бірқатар жеңілдіктерге ие болатын. 2011 жылы елдің рухани саласында ГПШ едәуір басымдықтарынан айырылды. 2011 жылы шілдеде грузия парламенті Еуропа Кеңесі мүше елдерінің бірінде ресми мәртебеге ие діни бірлестіктерге ел аумағында заңдық мәртебе беру туралы шешім қабылдады. Бұл елдің азаматтық кодексіне енгізілді. Бұл шешімді Грузия православ шіркеуінің Қасиетті Синоды арнайы жиналысында патриарх Илиия Грузия және ГПШ ұлттық мүддесіне қайшы деп жариялады. 2014 жылы құрылған дін істері бойынша мемлекеттік агенттік қызметі дін саласында ақпараттық, зерттеу және ағартушылық жұмыстарды үйлестіреді. Ел аумағында 6 армян апостол шіркеуінің ғибадатханалары бар. Сонымен қатар, орыс православ шіркеуі, ескі ғұрыпшылар шіркеуі, католиктік, протестанттық шіркеулер жұмыс жасайды. Елдегі 6 армян апостол шіркеулеріне қатысты ГПШ және армян апостол шіркеуі арасында даулар туындауда.

Армения зайырлы мемлекет. Армения халқының 92,6 пайызы армян апостол шіркеуінің, 1 пайызы армян евангелшіл шіркеуінің, 0,5 пайызы армян католик шіркеуі ілімдерін ұстанады. Сонымен қатар, елде православ, мұсылман және иудей, езид сенімін ұстанатындар бар. Христиандықты көне Арменияға I ғасырда апостолдар Фаддей және Варфоломей алып келген деп есептеледі. 301 жылы III Трдат патша жарлығымен христиандық мемлекеттік дін болып жарияланды. Армения христиандықты мемлекеттік дін ретінде жариялаған алғашқы мемлекет. Армян апостол шіркеуі ориенталды православ шіркеулер қатарында. 1441 жылдан Армян апостол шіркеуі басшысы патриарх-католикостың резиденциясы Эчмиадзин монастырында. Католикос қарамағына – ТМД елдеріндегі және Еуропа, Мысыр, Иран, Америка, Австралия епархиялары кіреді. Стамбул және Иерусалим армян патриархтары католикосқа бағынышты. Арарат жазығында езидтер тұрады. Езидтер және күрдтердің біраз бөлігі шарфанид сенімін ұстанады. 2012 жылы езидтердің «Зиарат» ғибадатханасы ашылды. Ислам дінін күрділер, парсылар, әзірбайжандар ұстанады.

Ераван қаласындағы көк мешіт 1766 жылы салынған. 1988-1990 жылдары Таулы Қарабақ қақтығысы және ұлтаралық жанжалдардан кейін әзірбайжандар Әзірбайжанға қоныс аударды. Армян апостоль шіркеуі және Грузия православ шіркеуі арасында екі ел аумағындағы шіркеулерге қатысты даулар шешімін таппай отыр. Армян апостол шіркеуінде құлшылық көне грабар тілінде, ал уағыз армян тілінде өтеді. Армян апостоль шіркеуі ресми мәртебеге ие. «Армения Республикасындағы мемлекеттік-шіркеу қатынастарының жүйесінде Армян апостол шіркеуі – негізгі саяси факторлардың бірі, яғни армян бірлігінің іргетасы, диаспораның бірлігі, елдегі бейбітшілік пен тұрақтылықтың, сондай-ақ оның болашағының кепілі. Армян апостол шіркеуі – дүние жүзінде шашыраған халықтың ұлттық идеясының қайнар көзі» [4]. Сонымен қатар, ел аумағында армян евангелшіл шіркеуі және армян католик шіркеуі, молокондар рухани – христиандар қауымы бар. 2017 жылы Мәскеу қаласында ОП, Армян апостол шіркеуі және Әзірбайжан мұсылмандар діни басқармасының өкілдерінің қатысуымен Таулы Қарабақ қақтығысын бейбіт жолмен шешу жолдары талқыланды.

Әзірбайжан зайырлы мемлекет. XIX ғасырдың соңында мұнайдың бай қоры табылғаннан кейін Баку қаласы мен Әзірбайжанның бірқатар қалаларының ұлттық, діни құрамы өзгерді. Әзірбайжан халқының 60-65% пайызы шииттіктің имамшылдық ілімін ұстанады, 30-35 % сүнниттік сенімде. 1944 жылы Кавказ мұсылмандар діни басқармасы құрылды. Сүннит мұсылмандарының басшысы – мүфти, ал шиит мұсылмандарының басшысы – шейх-ул-ислам мәртебесіне ие. КСРО ыдыраған соң 1992 жылы кавказ халықтарының жоғары діни кеңесі құрылды. Кавказ мұсылмандар басқармасының жарғысы бойынша басшы – шиит, орынбасары – сүннит болуы тиіс. 1992 жылы «Діни сенім бостандығы» туралы Заң қабылданды. 2009 жылы бұл заңға толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. 2001 жылы дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы діни ұйымдармен жұмыс бойынша мемлекеттік комитет құрылды. 2002 жылы мамырда Бакуге II Рим папасы Иоанн Павел ресми сапармен келді. Ватикан басшысы елдегі дінаралық келісім мәдениетіне жоғары баға берді.

1991 жылдан ел жастары бауырлас түркияның діни оқу орындарынан білім ала бастады. Елдің зиялылары бауырлас түрік халқының ұстанатын ханафий мазхабын наси-

хаттауға көңіл аударуға шақырды және осы мазхабты ұстану ұлттық және діни бірегейлік негізі екендігін ұстанады, бұл ұстанымды ресми билік тарапы қолдайды. 1990 жылдардан Әзірбайжанда Түркиялық діни оқу орындары ашылып, онда түркиялық дін ұстаздары қызмет жасауда. 2010 жылы мектептерде хижаб киюге тыйым салынды.

2016 жылғы түркиядағы мемлекеттік төңкеріс әрекетінен соң гүлендік хизмет ұйымы және оның ілімімен байланысты оқу орындары жабылды. Ханафиілік діни әдебиеттер шығаруға көбіне түркілік бірегейлікті ұстанған түркиялық қайырымдылық қорлары демеушілік жасайды. Сонымен қатар, иран да діни жағдайға ықпал жасауға ұмтылуда. Атеистік-коммунистік жүйеден кейін қалыптасқан діни ахуалға Парсы бұғазы елдері де ел аумағында салафиілік сенімді насихаттауға ықпал жасауға ұмтылды. Батыс және Парсы бұғазы елдерінің мүддесі бұл аймақтан Иранды оқшаулау мақсатымен үндеседі. Әзірбайжанның дәстүрлі діни дүниетанымы мен шииттік діни қағидаларға қайшы неосалафиілік идеология 1990 – 2000 жылдары елде кедергісіз насихатталды. Бұл ресми биліктің батыс санкциясындағы шииттік Иран ықпалынан қашқақтау мақсатынан туындады. Неосалафиілік ілім этноаймақтық діни құбылыс ретінде елдің солтүстік және солтүстік-батысында таралған. Неосалафиілік орталықтар қалалар мен дағдарысты аймақтарда орналасқан. Дағыстанмен шекаралас аймақта сүнниттік сопылық тарикаттар бар. Кусар, Хачмазе, Кубе, Закатале, Исмаиле елді мекендерінде тұратын лезгиндер сүнниттік бағыттың шафий мазхабын ұстанады. Мешіттерде уағыздар әзірбайжан тілінде жүргізіледі. Сүнниттік және шииттік, салафиілік пен шииттік, салафиілік және сопылық жамағаттары арасында ақидалық келіспеушілік діни алауыздықтарға түрткі болуы мүмкін. Мемлекеттік ұстанымның мақсаты жалпы бірегейлікті қалыптастыру. «Әзірбайжандық бірегейлік бұл түркия, иран, араб, ресей ықпалындағы күрделі қоспа» [5]. «Әзірбайжан үкіметінің ұстанымы жалпы ұлттық бірегейліктің бөлігі діни бірегейлікті ескере отырып зайырлы ұлттық бірегейлік қалыптастыру» [6]. Кейбір зерттеулерде «әзірбайжандықтардың 9 % аптасына бір немесе одан көбірек діни ғибадатқа қатысады, 14% тұрақты діндарлар, 19% дұға жасайды» деп көрсетіледі [7]. Ел аумағында православ, католик, жетінші күн адвентистері, тау еврейлері, Бахаи діни қауымдарының бірлестіктері бар.

ТМД елдері секулярлы мемлекеттер және қоғамдық-саяси қатынастар зайырлы тұрғыда қалыптасуда. Бұл мемлекеттердің тарихи-мәдени және саяси қалыптасу жолдары белгілі бір дін мен діни мәдениет аясында жүзеге асқан. ТМД мемлекеттеріндегі діни ахуалды талдауда ішкі және сыртқы факторларды, жаһандық және аймақтық ойыншылардың тактикалық және стратегиялық мүдделерін назарға алған жөн. Алпауыт елдердің геосаяси және геоэкономикалық мүдделер қақтығысы аймақтағы қалыптасқан діни-саяси жағдайға ықпал етуді жоққа шығаруға болмайды. Ықпал ету және жауапкершілік аймағын кеңейтуді көздеуші елдердің түрлі жобаларының діни астары алауыздық пен секемшілдік тудырушы діни идеологияны тарату. Қоғамдық сана мен пікірде дінге қатысты күмәнді ілімдер тудыру мен тарату жолымен дәстүрлі діни сана мен діндарлықтың тарихи қалыптасқан құрылымына өзгерістер жасау қазіргі діни жобалардың негізгі мақсаты. Суық соғыс уақытынан кейін коммунистік мен капиталистік идеологияның орнын діни ұлтшылдық иеленді [8]. Діндердің саясиленуі заманауи діни-саяси үдерістерге тән құбылыс. Кейбір елдерде болған түрлі-түсті төңкерістердің діни астарлары да бар. ХХІ ғасырдағы саясатты жаңғыртуда дін маңызды рөл атқарады [9]. Діни ілімдер көмегімен нақты қоғамда діндес, яғни мүдделес діни топтар құру арқылы діни-саяси жағдайға ықпал жасауды қалайтын алпауыт елдердің текетіресі мен кеудемсоқтығы тұрақтылық пен бейбіт тіршіліктің бүгінгі мен болашағына қауіп төндіруші қатер болуы әбден мүмкін. Алпауыт елдер жаһандық діни жобалар көмегімен трансұлттық діни институттарды құруда. Жаһандық үдерістер мен халықаралық қатынастарға діни ұйымдар да ықпалды рөл атқарады [10]. Жаһандық азаматтық қоғамда діни ұйымдар халықтар дүниетанымын өзгерте алатын қуатты күшке айналды [11]. Жаһандық ойыншылар діндер көмегімен адамдар санасын билеуді қалайды. Халықаралық геосаяси күштердің пиғылы дінаралық және ұлтаралық жанжалдардың ушығуына жол ашып, әлемдік және аймақтық деңгейде тұрақсыздық (соғыс, мигранттар мен босқындар мәселесі) тудыруда. Соңғы жылдары саяси мінез-құлыққа діннің ықпалы артуда. Қазіргі әлемде діндердің саясиленуі заманауи діни-саяси үдерістерге тән құбылыс және діни лидерлердің діни қауымдардың саяси ұстанымына және діндарлардың дүниетанымдық бағдарына,

өмірмәндік таңдауына ықпал-әсері өсті. ХХІ ғасырда дін саласын реттеу және қадағалауда мемлекеттік саясаттың қағидалары әдістемелік тұрғыда жүйеленуі қажет. Көрші елдердегі діни қатынастар саласындағы ерекшеліктерді талдау және діни ахуалдағы жаңа трендтерді айқындау мемлекет және діни қатынасын өркениеттік негізде жүргізуге септеседі. Дін саласындағы байыпты саликалы саясат қоғам өмірінің тұрақтылығының түп негізі. ТМД елдерінде мемлекет және дін қатынасының ортақ белгілері мен өзіндік ерекшеліктері бар. Атап айтсақ,

- Зайырлы мемлекеттік ұстаным;
- Зайырлы құндылықтардың қоғамдық сана мен психологияда маңызын арттыру шараларын жетілдіру;
- Зайырлы негізде жалпы қоғамдық сана мен бірегейлік қалыптастыру;
- Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың пәрменділігін арттыру жұмыстары;
- Діни жағдайды реттеу және қадағалаудың күшеюі;
- Дінаралық келісімді нығайту;
- Дәстүрлі діни құндылықтарды және ғұрыптық діндарлықты қолдау;
- Дінге – қоғамның рухани-адамгершілік дамуының көзі ретінде қарау;
- Діни негіздегі экстремизм мен террорлық идеологияның таралуының алдын алу шаралары;
- Жат діни ағымдардың ұлттық және діни бірегейлікке қатерін айқындайтын жұмыстардың жүргізілуі;
- Дәстүрлі негізде діни сана және мінез-құлық қалыптастыру жұмыстары;
- Діни негіздегі партияларға тыйым салу;
- Қоғамдық-саяси өмірге дін идеологияның араласуына жол бермеу;
- Сыртқы күштердің діни ахуалға ықпал жасауына тосқауыл қою;
- Зайырлы мемлекеттік ұстанымға сай діни білім беру;
- Мемлекеттік органдардың клерикализациялануының алдын алу;
- Мемлекеттік қызметкерлердің зайырлы этикасын сақтау;
- Мемлекет-шіркеу қатынасының саяси-құқықтық тарапына геосаяси күштердің араласуы;
- Тұрақты діндарлар санының өсуі;
- Теріс діни ағымдарға сот шешімдерімен тыйым салынуы;
- Діни бірлестіктердің қаржыландыру көздерін реттеу және бақылау;
- Дәстүрден тыс діндерге күмәнмен қарау;

- Қоғамдық өмірдегі түйткілді мәселелерді шешуге дін өкілдерінің қатысуы;
- Діни ғұрыптар мен рәміздерге зайырлы білім беру орындары және мемлекеттік ұйымдарда тыйым салу.

Қорытынды

Қазіргі уақытта посткеңестік елдердегі қоғамдық-саяси үдерістерде діннің рөлі өсуде. Діни жаңғырудың түпкі себептерінің бірі дінді танып білуге деген құштарлық, әлеуметтік мәселелердің шешімін таппауы, экономикалық тұрақсыздық пен құндылықтар дағдарысы, әлеуметтік және мүліктік теңсіздік, кедейшілік, жұмыссыздық, әділетсіздік, ертеңгі күнге үмітсіздік, жемқорлық адамдарды діннен пана іздеуге жетелейді. Сондықтан да ТМД елдерінің билік орындары бұл үдерісті қадағалауға және бақылап, реттеуге тырысуда. Таяу арада бұл елдерде мемлекет және дін қатынасын жетілдіру жұмысы күшейе береді. Достастық елдерінде ұлтаралық және конфессияаралық келісім мен татулықты орнықтырудағы діни бірлестіктердің атқаратын рөлін зайырлы мемлекеттік жүйеге сай жүргізудің өркениеттік тиімді тетіктерін

даярлау үшін дәстүрлі діндердің әлеуетін қоғамдық сана мен психология ерекшелігі және ортақтығын ескере отырып, тұрақтылық пен бейбіт өмірді нығайтуға қызмет етуге бағыттау қажет. Көрші елдердегі қалыпты діни ахуалды сақтау және зайырлы мемлекеттік қағиданы жетілдіру үшін дін саласындағы құзырлы органдардың әріптестік пен өзара іс-қимыл бағытындағы тәжірибе алмасуын қалыптастыру да маңызды. Аймақтағы тұрақтылық пен діни қауымдар арасындағы келісім баршамызға ортақ адамзаттық құндылықтар негізінде жүзеге асады.

Қазіргі аумалы-төкпелі заманда конфессияаралық келісім мәдениеті қоғамдық-саяси тұрақтылықтың негізгі тетігі болып отыр. Сирия мен Ирак елдеріндегі текетірестер мен жанжалдар өңірдегі елдерге тікелей және жанама ықпал етуде. Сондықтан аймақтағы конфессияаралық қатынастарды зерделеу мен талдау кейбір түйткілді мәселелердің алдын алуға септігін тигізеді. Мемлекет пен дін қатынасының философиясы өзара әріптестік және өзара түсіністік. Қоғамдағы тұрақтылықты сақтау мен нығайту мемлекет пен дін қатынасының басты өлшемі.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру //Егемен Қазақстан. 14.04.2017.
- 2 Viktor Budkin, THE STATE AND RELIGION IN THE POST-SOVIET EXPANSE.http://ca-c.org/c-g/2007/journal_eng/c-g-4/03.shtml,
- 3 Patriarch Filaret. The Nation's Concerns are the Concerns of the Church.Herald of Orthodoxy, No. 11-12, p. 38 (in Ukrainian). 2006.
- 4 Kolesnikov L. Armenia: problemy nezavisimogo razvitiya.//Russian Institute of Strategic Studies, Moscow, p. 159. 1998.
- 5 Azerbaijan: Religious Pluralism and Challenges Of Cultivating Identity This paper was originally written in Arabic by: Dr. Fatima Al-Smadi* Translated into English by: AMEC Al Jazeera Centre for Studies 15 October 2015.
- 6 <http://europeandemocracy.eu/wpcontent/uploads/2015/06/EFD-Azerbaijan-light.pdf>.
- 7 Charles Robia, «Religiosity and Trust in Religious Institutions: Tales from the South Caucasus (Armenia, Azerbaijan and Georgia)», Berkeley Program in Eurasian and East European Studies, 2015, <http://escholarship.org/uc/item/1b88b59g#page-2>.
- 8 Mark Juergensmeyer. The New Cold War? Religious nationalism confronts the secular state (Berkeley: University of California Press). 2003.
- 9 Scott Thomas. The Global Resurgence of Religion and the Transformation of International Relations: the struggle for the soul of the twenty-first century (London: Palgrave Macmillan). 2005.
- 10 Paul S. Rowe. Religious movements and religions contribution to global civil society. Jan 1, 2016.
- 11 Kevin Warr. 'The Normative Promise of Religious Organizations in Global Civil Society', Journal of Church and State 41, no.3. 1999.

References

- 1 N.A. Nazarbaev. Bolasakka bagdar rukani znangyru. //Egemen Kazakhstan. //14.04.2017
- 2 Viktor Budkin, THE STATE AND RELIGION IN THE POST-SOVIET EXPANSE.http://ca-c.org/c-g/2007/journal_eng/c-g-4/03.shtml,
- 3 Patriarch Filaret. The Nation's Concerns are the Concerns of the Church.Herald of Orthodoxy, No. 11-12, p. 38 (in Ukrainian). 2006.
- 4 L. Kolesnikov . Armenia: problemy nezavisimogo razvitiya.//Russian Institute of Strategic Studies, Moscow, p. 159. 1998.

- 5 Azerbaijan: Religious Pluralism and Challenges Of Cultivating Identity This paper was originally written in Arabic by: Dr. Fatima Al-Smadi* Translated into English by: AMEC Al Jazeera Centre for Studies 15 October 2015.
- 6 <http://europeandemocracy.eu/wpcontent/uploads/2015/06/EFD-Azerbaijan-light.pdf>.
- 7 Charles Robia, «Religiosity and Trust in Religious Institutions: Tales from the South Caucasus (Armenia, Azerbaijan and Georgia)», Berkeley Program in Eurasian and East European Studies, 2015, <http://escholarship.org/uc/item/1b88b59g#page-2>.
- 8 Mark Juergensmeyer. The New Cold War? Religious nationalism confronts the secular state (Berkeley: University of California Press). 2003.
- 9 Scott Thomas. The Global Resurgence of Religion and the Transformation of International Relations: the struggle for the soul of the twenty-first century (London: Palgrave Macmillan). 2005.
- 10 Paul S. Rowe. Religious movements and religions contribution to global civil society. Jan 1, 2016.
- 11 Kevin Warr. 'The Normative Promise of Religious Organizations in Global Civil Society', Journal of Church and State 41, no.3. 1999.